

Берекелі Алтын күз!!

КҮНІ: 20.10.2022 жыл

Балалар көңілді әуенмен Алтын күз мерекесіне келеді.

1.Мереке:

Сары жібек көйлегін желбіретіп,
Жапырағын ағаштардың селбіретіп.
Тойға бөлеп елімізді күзім келді,
Нұр тамшысын аспанның мөлдіретіп.

2.Ерқанат:

Тілегім аман болсын ел іргесі,
Алтын күз қайта келді берекесі.
Молшылықтың жаршысы бола білді,
Алтын күз-ырыс, береке, бірлік ала келді.

1-жүргізуші: Мереке

-Армыссыздар құрметті ұстаздар мен ата-аналар!

2-жүргізуші: Ерқанат

-«**Берекелі Алтын күз!**» атты ертеңгілігімізге **Қош келдіңіздер!**

Достар, мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. Шешімін тауып көресіңдер ма? (Әрине табамыз)

«Көк майсалы көрікті, алқаптағы көп егін
Бұл күндері киіпті, сары жібек көйлегін»-Бұл не , достар? (**Күз мезгілі**)

Жүргізуші Ерқанат:

Күздің тойын тойлайық,
Би билейік, ойнайық!

Алдарыңызда «Алтын Күз» биі (Айлин мен Қ.Мұстафа, Аяла мен Бақытжан, Амина мен Ә.Мұстафа , Медина мен Нұрхан)

Жүргізуші Мереке: -Ендеше күз мезгіліне арнаған өлең шумақтарымызды тыңдайық:

1.Ж.Нұрислам:

Жетті желмен алтын күз,
Жеміс жинау салтымыз
Жиып-теріп болған соң
Той жасайды халқымыз,
Мол өнімді жинаймыз
Елге бәрін сыйлаймыз.

2.Ақнұр:

Кездескен соң күзімен,
Бұтағынан үзілді.

Ай жапырақ - сары алтын
Айналанын бәрі алтын.

3.Мұқағали:

Жеміс мол теретін, күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін, жомарт екен күз деген.

4.Аяла:

Көктемде егін егетін, күзде жиып беретін
Біздің дала бай дала, астық толы айнала.

5.Рүстем:

Жаздай күткен бәріміз,
Сары алтын, сары күз.
Көк аспаның мөлдіреп,
Алтын күнім елжіреп.

Залға көңілді биін билеп Күз ханшайымы келеді.

Күз ханшайымы:

Сәлем менің достарым,
Өмірге көп қосқаным
Күз сыйлығын алыңдар
Молшылыққа кенеліп
Шаттық әнге салыңдар,- дей бергенде аяғы сүрініп, себеттегі жемістерін шашып
алады. Алтынкүздің көңіл-күйі түсіп кетеді.
-Алтын күз көңілің түспесін.Біз саған көмектесеміз. Қазір достарымыз көкөністер
мен жемістерді ажыратып, себетке жинап береді.

Ойын: «Көкөністер мен жемістерді жина»

Алтын күз: -Рахмет достар! Көмектеріңе көп рахмет!

-Алтын күз бізбен бірге ән орындайсың ба? (Жарайды)

Хор: «Күз келді»

1.Рабия:Тоңазып атырап,

Көп жеміс піседі.

Сарғайып жапырақ,

Саудырап түседі.

Аспанды сұрғылт бұлт

Жан-жақтан жабады.

Күнбірте суытып,

Жауын көп жауады.

2. Ә.Мұстафа:

Қарсы алайық бәріміз,

Жасымыз бен кәріміз.

Қырдан кепті қыдырып,

Алтын күзге бізге нұр төгіп.

3.Исмайл:

Қуандырып біздерді, кел жемісті алтын күз.
Өлкемізге күз келді, кемелдейсің халқымыз.

4.Амина:

Алтын нұрдай тамшылап, жапырақтар төгілді
Біздің өміртаңшуақ, біздің өміркөңілді
Біреу астық түсіріп, біреу бидай ұшырып,
Жатқан мезгіл күз екен, алдым сонны түсініп.

5. Даниял:

Қазан айы болыпты, қамбаға астық толыпты
Сары даланы сәндетіп, думандатып әндетіп.

Жүргізуші: Кезегімізді биге берейік.

Би: Кучарелла (Б.Нұрислам, Мұқағали, Бағым, Ақнұр, Ерқанат, Нұрмұхаммед, Мереке, Рабия)

Ата-аналармен ойын: «Дұрыс орналастыр»

Ерқанат:

- Достар бізге қонаққа кімдер келді? Ендеше ата-аналарымызбен ойын ойнаймыз ба? Екі ата-анамен ойын ойналады

1.Нұрхан:

Сарғайды тоғай, сап-сары манай,
Соңғы әнін айтып, құс кетті қайтып
Жапырақ ұшты, суық та түсті
Сонда да бізге,қызық көп күзде.

3. Қ.Мұстафа:

Күн суытып келеді, жапырақтартүседі.
Астық-жеміс жиылды, қамбамызға құйылды.
Ардақты күз —мың алғыс, алдық өнім сыйыңды.

4.Раяна:

Қуандырып біздерді, кел жемісті алтын күз,
Өлкемізге күз келді, емелдейсің халқымыз.
Жеміс мол теретін , күз дос екен бізбенен,
Бәрін тауып беретін, жомарт екен күз деген.

5.Алинұр:

Ақтарады мырза күз, уылжыған жемісті,
Күзге бізде ризамыз, аянбаған ел үшін

**Жүргізуші: Күзде өздері пісетін, тамаққа кеп түсетін,
Жемістер мен көкөністер сан түрлі.**

Би: «Ортада жемістер мен көкөністер» биі

Ансамбль: «Жасыл бақша» (Алихан, Мейірхан, Рүстем, Даниял, Бағым, Аяла, Раяна)

1.Нұрмұхаммед:

Көкмайсалы көрікті, алқаптағы көп егін
Бүлкүндерікііпті , сары жібек көйлегін,

Ағаштардан жамырап, ұшты кенет жапырақ,
Ой, алақай ,тамаша, шашу шашты жапырақ.

2.Айлин:

Аспанды сұрғылт бұлт,
Жан-жақтан жабады.
Күнбірте суытып,
Жауын көп жауады.

3.Бақытжан:

Көбейді құт береке, астық толы қамбамыз,
Құтты болсын мереке, алтын күзді тойлаймыз.

4.Елжан:

Күз келіпті тамаша
Әнін салған далама.
Сарғайып тұр жапырақ,
Сан жетпейді санаса

5.Медина:

Алып келді мереке, астық жеміс береке,
Батырлыққа жараса, көбейді той тамаша,

6.Б.Нұрислам:

Жеміс толы айнала
Астық толды қамбаға.
Алтын күзге арналып,
Айтылады әнім.

7.Бағым:

Кездескен соң күзімен,
Бұтағынан үзілді.
Ай жапырақ - сары алтын
Айналанын бәрі алтын.

Хор: « Күзгі вальс» қабыл алыңыздар!

-Мерекемізге орай Ерқанат екуміз ән шырқаймыз.

«Күз тамаша» әнің қабыл алыңыздар! Ортада Ерқанат пен Мереке

Ерқанат: Құрметті қонақтар, ата-аналар !Осымен бүгінгі «Берекелі Алтын күз!»

-атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз.

Мереке:Күз берекелі, астықты болсын!

Бірге: Келесі кездескенше , Сау болыңыздар!

